

деятельности местных представительных и исполнительных органов. В настоящее время в теории управления не выработаны универсальные, объективные критерии эффективности городского управления.

1. Большая Советская Энциклопедия (БСЭ) третье издание (т. 1-30, 1969-78; главный редактор — академик А. М. Прохоров), Издательство «Большая Российская энциклопедия», Москва с. 111
2. Закон Республики Казахстан от 16 июля 2001 года «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан»
3. «В сердце Евразии» Н.А. Назарбаев.1, с. 9
4. Кнорринг В. И. Искусство управления: Учеб. М., 1997. С. 6. : Берг А. И. Указ. соч. С. 20.
5. Атаманчук Г. В. Теория государственного управления: Курс лекций. М., 1997. С. 29—30
6. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан (общая часть). - Алматы.: Юрист, 2002. - 376 с.
7. Галиченков А. К Экологический контроль: теория и практика правового регулирования. М., 1992
8. Закон РК от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан»
9. 9Вильямский В.С., Дедяев В.М. Муниципальные образования России в условиях рыночной экономики. – Ростов-на-Дону: Изд-во СКАГС, 1996.
10. Зотов В.Б. Система муниципального управления. – СПб.: “Питер”, 2007.– С.139

In this article the author examines issues and some problems of legal land protection republican cities

Автор мақалада қала маңы аймағы және қала аймақтық басқару құқықтық мәселелерін қарастырады

А.А. Есекеева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасындағы жерлерді дұрыс, ұтымды пайдалану және онда тиімді шаруашылық жүргізіп, сақтай отырып кейінгі ұрпаққа қалдыру – басты мемлекеттік, қоғамдық мақсат және әрбір азаматтың конституциялық борышы болып табылады. Біздің мемлекетіміздің жер қорының құрамында өзінің көлемі, экономикалық қызметі мен пайдалылығы бойынша үлкен маңызға ие болып табылатын жерлер – бұл ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер болып табылатындығы анық. Қазақстан дамудың және қазіргі әлемдегі өз орны мен рөлін сезінудің жаңа сатысына көтерілді. Елді жаңа нарықтық желіге салу жөніндегі негізгі шаралар жүзеге асырылды. Қазақстан тәуелсіз экономикалық держава ретінде бәсекеге неғұрлым қабілетті әрі келешегі зор. Алайда, Қазақстанның өзіндік даму моделін іздестіру жалғасуда және жалғаса беруге тиіс, өйткені дүние шапшаң өзгеріп, күрделене түсуде. Өзінің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін стратегиялық жоспарлауды алдыңғы қатарлы елдер мен аса ірі трансұлттық компаниялар қолданады. Олардың қазіргі заманда өмір сүру тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстан мемлекеттің рөлі мен өз дамуын стратегиялық жоспарлауды күшейтуге тиіс. Айқын стратегиялық жоспарсыз мемлекет өзінің мұратын іске асыру қабілетінен айырылады. Оқиғалар барысын басқарудың орнына, ол соларға тәуелді болып қалады.

Ғылыми-техникалық прогрес жетістіктерін ендіруде салық жүйесінде бірқатар жеңілдіктер қарастырылған, себебі бұл қосымша шығындарды талап етеді. Еуропа Қауымдастығының бірқатар елдерінде аграрлық бағдарламаларға сәйкес ұлттық бюджеттерден ауыл шаруашылығы өндірісті соның ішінде, қызмет көрсетуші кәсіпорындарды бюджеттерден өтеу қарастырылған. АҚШ-та, Ұлыбританияда, Францияда және басқа да бірқатар елдерде күрделі салымдар өсіміне салықтық төлемдерді өтеу механизмі кең таралған. Осы жағдайда фермер мемлекеттік аграрлық бағдарламаларға қатыса отырып, салықтық төлемдерді инвестициялық үрдіс толығымен аяқталғанға дейін салықтарды төлеуді күте тұруы мүмкін. Яғни инфляциялық үрдістерді есепке ала келе салықтардың көлемі инфляция пайызына қарай азайтылады, ал салықтың сомасы жылдар бойы бірдей көлемде белгіленеді. Салықтық реттеу фермерлерге өндірістің нақты жағдайларына байланысты амортизациялық төлемдерді есептеудің түрлі әдістерін қолдана отырып, пайдалану арқылы іске асады. Машиналармен жабдықтарға жұмсалған күрделі салымдардан арнайы салықтық кемітулер АҚШ-та тікелей салықтардан алынып тасталынады. Инвестициялық салықтық несие пайдадан 6-10 пайызға дейін, машиналармен жабдықтарға күрделі салымдардың кемітулері болып табылады. Талдау көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылығына бөлінген бюджеттік асигнованиялар өндірістік қызметтер нарығына елеулі әсерін тигізді. Әдетте бюджеттің қаржылары арнайы дайындалған басымдылық мән бағалары мен кірістері есептелген бағдарламаларға беріледі. Осы мәселелер бойынша АҚШ-та ақша қаржыларының 60 пайызына дейін бюджеттен бөлінеді, мемлекет

экологиялық зиянсыз техниканы сатып алуға датация бөледі. Мысалы, Голландияда ішкі топырақтық тыңайтқыштарды егу үшін машиналарды сатып алып 22 пайыз көлемінде олардың құндарынан субсидиялар бөледі. Дамыған елдерде техниканы сатып алуға берілетін тікелей дотациялар қазіргі кезеңде өте сирек кездеседі. Бірақ, жеке дағдарыс кезеңдерінде ауыл шаруашылығының дамуында олар кеңінен қолданылды.

Батыс Еуропа елдерінде фермерлер қажетті техниканы бір бөлігіне ие, ал кейбіреулерінің иелігінде олар тіпті жоқ. Яғни ауылдастарының мердігерлердің (МТБ, машиналық рингтер және т.б.) техникасын пайдаланады. Мемлекет шаруашылық аралық техникамен жабдықтарды бірқатар жеңілдіктерді енгізу арқылы пайдалануды ынталандырады. Машиналық рингтер табысты әрекет ететін Австрияда олар федералдық субсидияларды алады. Германияда машиналық рингтер пайдасыз негізде әрекет етеді. Көршілердің көмегін пайдаланатын фермерлер үшін салық жеңілдіктері қарастырылған. Батыс Еуропада техниканы пайдаланудың жалгерлік нысаны кеңінен қолданылады. Мәселен, Ұлыбританияда өндіруші фирмалар фермерлерге арендаға тракторларды беріп, техниканың жұмыс қабілеттілігіне кепілдеме береді. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде ауыл шаруашылығы агрохимиялық қамтамасыз етудің ұлттық жүйелері қалыптасқан. Олар агрохимикаттарды өңдейтін жеке және кооперативтік сауда кәсіпорындарына қызмет көрсететін және зерттеу фирмалары мен ұйымдардың мемлекеттік басқару органдарының бірінғай тауар өндіруші желісіне біріктереді. Жүйелер коммерциялық және кооперативтік болып бөлінеді.

Нарықтық экономикасы дамыған елдердегі ауыл шаруашылығы кооперациясы ауыл шаруашылығына қызмет көрсетудің өндірістік дамуының елеулі элементтерінің бірі болды. Кооперативтер фермерлердің тұқымдарға, жемшөп, тыңайтқыштарға қажеттіліктердің негізгі бөлігін қамтамасыз етеді.

Экономикасы дамыған елдердің ауыл шаруашылығын агрохимикалық қамтамасыз ету жүйелерін талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- жетекші елдердің (АҚШ, Франция, Финляндия, Жапония) агроөнеркәсіп кешенінің салааралық дамуының маңызды бағыттарының бірі – агрохимикаттарды өндіретін өнеркәсіппен АӨК секторлары арасындағы байланыстырушы буын болып табылатын ауыл шаруашылықты агрохимикалық қамтамасыз ету жүйесін құру;

- қазіргі уақытта ауыл шаруашылығын агрохимиялық қамтамасыз ету жүйелерінің қызметтері кеңеюде;

- фермаларды тыңайтқыштармен, пестицидтермен, агрохимикаттармен, машиналармен, жабдықтармен қамтамасыз етуді қамтитын кешенді агрохимиялық қамтамасыз етуге өту байқалып отыр;

- фермерлерге қызмет көрсету ғылыми кадрларды дайындау, шаруашылықтарға ғылыми қызмет көрсету;

- ауыл шаруашылығын агрохимиялық қамтамасыз ету жүйесі шаруашылықтың барлық категорияларын қамтыуы мүмкін емес. Ұйымдастыру тұрғыда бұл жүйелер агрохимикаттармен химикаландыру машиналарын шығаратын фирмалармен компаниялардың қызмет көрсетуші және зерттеу фирмалар мен ұйымдардың ауыл шаруашылығына жауап беретін министрліктердің мемлекеттік қызметтерін бірінғай фирмалармен компаниялардың желісіне біріктіреді;

- соңғы жылдары көптеген елдердің ауыл шаруашылығын агрохимиялық қамтамасыз етудің коммерциялық жүйесінде фирмалық агрохимиялық заттарды өндіруді бастады. Жалпы алғанда, коммерциялық жүйеде агрохимиялық қамтамасыз етуде аралық буындармен тауар өндіруші желілерінің қысқаруы байқалып отыр;

- экономикасы дамыған елдердегі ауыл шаруашылығын агрохимиялық қамтамасыз ету жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып фермерлік кооперативтердің қызметін белсендету болып табылады. Кооперативтердің экономикалық тиімділігі агрохимикаттарды сатып алу және пайдалану шығындарын қысқартудан тұрады;

- минералды тыңайтқыштарды тасымалдау жүйесінде арнайы көлік көптеп пайдаланады (автокөліктік және теміржол);

- АҚШ, Францияның ірі аймақтарының деңгейінде қазіргі уақытта үйлестірілетін (фирмааралық) сауда қызмет етуші компаниялар өнеркәсіп өнімін химиялық компаниялардан ауыл шаруашылығы жерлеріне жеткізеді. Компаниялар өздерінің алдына агрохимикаттар нарығын икемдеп алуды мақсат етеді. Сонымен, олардың қызмет ауқымы кооперативтермен жеке диллерлерге қарағанда, едәуір кең болады;

- жалпы тұтынуды реттеудің маңызды тетігі және минералды тыңайтқыштарды маусымдық өткізудің негізгі факторы бағалар болып табылады. Дамыған елдерде минералды тыңайтқыштарға сұранысты теңестіру үшін фермерлік сатып алулар кезінде номиналды нарық бағаларынан арнайы

кемітулер жасайды. Тыңайтқыштардың түріне қарай 4-16 пайызға дейін. Бұл ірі фермерлерді меншікті ішкі шаруашылық қоймаларды соғуға ынталандырады.

Ауыл шаруашылығында өндірілген өнімнің 80 пайызға жуығы өңделместен шикізат күйінде сатылады, өңдеуші кәсіпорындардың технологиялық жағынан артта қалуы себебінен дайын өнімнің бәсекелестікке қабілеті нашар. Осының бәрі еңбек өнімділігін, рентабельдікті және ауыл шаруашылығы өнімінің сапасын арттыруға кедергі болып отыр. Мұның өзі БСҰ-ға кіру кезінде көкейкесті сипат алады, біз онда ішкі азық-түлік нарығында ашық жағдайда жұмыс істеуімізге тура келеді. Осы проблемаларды шешу үшін 2005 жылы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заң қабылданды. Заңның қабылдануымен агроөнеркәсіптік кешенді, ауылдық аумақтарды басым дамытудың және оларды тұрақты дамыту, ішкі және сыртқы нарықтағы отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларын бір жүйеге келтірудің құқықтық негізі жасалды. Осы Заңды іске асыру жөніндегі нақты шаралар Үкіметтің қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасында және оны іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасында айқындалған.

Бұл екі құжаттың негізгі – мақсаты кешен салаларының өнімділігі мен кірістілігін арттыру, сондай-ақ отандық өнімнің ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту негізінде агроөнеркәсіптік кешеннің одан әрі дамуын қамтамасыз ету. Азық-түлік тауарларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ықшамды жүйе құру жоспарланып отыр, ол біздің БСҰ-ға кіруіміздің басты шарттарының бірі. Бұл міндетті шешу үшін ветеринариялық және фитосанитариялық салауаттылықты қамтамасыз ету, қазіргі заманғы техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу мен енгізу және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің халықаралық сапа және қауіпсіздік менеджменті жүйесіне көшуін қамтамасыз ету, мамандандырылған зертханалар желісін құру және оларды халықаралық нормалардың талаптарына сәйкес қажетті жабдықтармен жарақтандыру қажет. Өнім рыногын мемлекеттік реттеу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Азық-түліктің қауіпсіздігіне төнетін қатерді болдырмау мақсатында ішкі рынокты реттеудің біз үшін маңызы зор. Осы факторларды жою үшін, сондай-ақ бағаның кілт ауытқушылығын болдырмау және инфляциялық үдерістерді тежеу үшін әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын сатып алу және баға интервенциясы, биржалық сауда, ауыл шаруашылық өнімінің коммуналдық көтерме нарықтарын құру тетіктері пайдаланылатын болады. Үкіметтің ауыл проблемаларын шешу туралы бастапқы тұжырымдамасына маңызды өзгерістер енгізу қажет. Өйткені индустриялық ел қатарына қосылу үшін алдымен біз қалалық ұлтқа айналуымыз керек. Ал бізде ауыл жұртшылығының үлес салмағы халықтың 45 пайызын құрап отыр. Ауылдағы жұмыс орындары осынша халықты қамти алмайтыны түсінікті. Ал дамыған елдерде ауыл шаруашылығымен халықтың 10-15 пайызы ғана айналысатынын жақсы білеміз. Сондықтан келешегі бұлыңғыр, шөлейтті елді мекендерден қалаға көшетін халықты қолдаудың жүйелі жолдарын ойластыру қажет. Ауыл шаруашылығында адам саны ықшам болса ғана түбегейлі реформаларға шындап кірісуге болады. Біз республикалық маңызы бар жолдарды бірінші кезекте деп үлкен қалалардың арасындағы жолдарды жөндеп алдық. Енді «ауылшаруашылық жолдары» деген мәртебені анықтауымыз керек. Бүгінде ауыл шаруаларының пайдаланатын жолдары сын көтермейді, жоқтың қасы. Үкімет барлық ауыртпалықты жергілікті органдарға артып қойып, ол жолдарды жөндеуден қашып отыр. Бір ауданның ішінде шамамен кем дегенде 500 шақырымдай ауыл шаруашылық жолдары бар десек, оны жөндеуге қажетті қаржыны жергілікті бюджет ешқашан бөле алмайды. Сондықтан «ауылшаруашылық жолдары» дейтін жолдарды анықтап, оларды қаржыландыруды жергілікті бюджетпен қатар республикалық бюджеттен қарастыру керек.

Ауыл шаруашылығына қатысты заң жүйелерін терең сараптамадан өткізуіміз қажет. Қабылданып жатқан заңдар қалай жұмыс істеуде? Оларды жүзеге асыруға қажетті тиісті нормативтік актілер уақтылы қабылданды ма? Заң нормалары жөнінде ауыл шаруаларына тиісті түсініктеме берілді ме? Өкінішке қарай, шаруалардың оларға заң жүзінде беріліп отырған түрлі жеңілдіктерден еш хабары жоқ. Сонда жергілікті атқарушы билік органдары не қызмет атқарып отыр деген заңды сұрақ туындайды. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылды аумақтарды дамыту және мемлекеттік реттеу туралы маңызды заң қабылдадық. Бірақ аталмыш заң тиісті актілердің жоқтығынан толық жұмыс істемей, декларативті құжат ретінде қалып отыр. Субсидияларды іске асыру тетігі анықталуы қажет еді. Жыл сайын өзгеріп отыратын тетіктердің болуы ақшалай субсидияларды енгізген кезде жарамсыз болуда. Көптеген шаруалар мемлекеттік субсидиялардан шет қалуда немесе жергілікті әкімдердің еркіне тәуелді болуда. Жалпы агроөнеркәсіпті субсидиялау схемасы тұжырымдамалық өзгертуді қажет етеді. Осы заңды Парламентте қарастыру кезінде Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитеті «атаулы субсидиялау және өсімдік шаруашылығын субсидиялауы 1 гектар жерге шаққандағы

есеппен жүргізілуі қажеттігі жөніндегі» норманы ұсынған болатын. Өкінішке қарай, сол кезде ұтымды ұсыныс қолдау таппады. Бұл ұсыныстың ауыл шаруалары үшін нақты көмек болатынын бүгінгі практика көрсетіп отыр. Сондықтан, мүмкін, бұл заңды қайта қарастырғанымыз жөн болар деп ойлаймыз. Қазіргі кезде еліміз тандап отырған кластерлік даму жолдарының бірі – мақта шаруашылығын дамыту екені белгілі. Осыған сәйкес нақты істер де қолға алынды. Мақташыларға, олардың проблемаларына мемлекеттік деңгейде көңіл аударылып, Мәжіліс депутаттарының қатысуымен көптен күткен «Мақта туралы» заң қабылданды. «Оңтүстік» атты арнайы еркін экономикалық аймақ құру қолға алынды. Мұның бәрі орынды шара. Мысалы, бізде «Астық туралы» Заң бар. Бұл өте тиянақты жасалған заң. Қазірдің өзінде астықпен шұғылданатын бірқатар мемлекеттер оны өздеріне типтік құжат ретінде алуда. «Мақта туралы» заң аталмыш заңнан кем болмауы тиіс. Себебі мақта шаруашылығы оңтүстік өңірдегі көптеген шаруалардың жалғыз табыс көзі екені белгілі. Өңдеу салалары тозығы жеткен, энергоресурсты көп пайдаланатын, болашағы жоқ ескі технологиямен жұмыс істейді. Шығарған өнімдері бәсекеге шыдамайды. Өнім сапасын анықтайтын бүгінгі заман талабына сәйкес жабдықталған мемлекеттік лаборатория қажет. Отандық өнімді қайта өңдеушілерді қолдау мақсатында құрал-жабдықтарды алу үшін несиелеу шарттарын үкіметтік деңгейде қайта қарау керек. Алдын ала төлемдерді тағы да жеңілдендіру немесе құрал-жабдықтардың құнына сай жіктеуде, сондай-ақ алған несиені екінші немесе үшінші жылдан бастап өтеуді қарастыру керек. Ауылға көмек көрсетіліп келеді. Ауыл шаруашылығы аяғынан тұра бастады, бірақ, дегенмен онда әлі де шешілмеген мәселелер өте көп. Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру» – ауылды дамытудың, қолдаудың жаңа кезеңі болды.

Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр», деп көрсетуі агроөнеркәсіптік кешен мен ауылға да тікелей қатысты. Таяудағы онжылдықта бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу міндеті, ең алдымен, ауыл шаруашылығы саласын дамытуды, мұндағы шешілмеген түйінді мәселелерге айрықша назар аударуды талап етеді.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» жолдауы // Егемен Қазақстан. № 123. - 30 апрель, 2002 ж.

2. Қазақстан Республикасы. 2003 ж. 20 маусымда қабылданған, Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. - Юрист.: Алматы, 2008.- 1046.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі. 2005-2007 жылдарға арналған ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану бағдарламасы: 2005 жылы 5 қаңтар қаулы // Параграф ақпараттық жүйесі, 2011.

4. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан в условиях становления и развития рыночной экономики (проблемы теории, законотворчества и практики): Дис. д-ра юрид. наук. – Алматы, 2005. – 396 с.

5. Қазақстан Республикасының 31-ші наурыз 1998-ші жылы қабылданған «Шаруа (фермер) қожалығы туралы» Заңы (енгізілген өзгерістерімен). – Алматы: Параграф ақпараттық жүйесі, 2011.

6. Қазақстан Республикасы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы заңы» 08 шілде 2005 жылғы. Алматы, Юрист баспасы, 2006. 21б.

This article reviews the issues of agriculture and rural development, activities carried out under an important law on state regulation as well as spoken about the importance of public policies carried out under government programs to improve the situation of rural residents.

В этой статье рассматриваются вопросы сельского хозяйства и развития сельских районов, деятельность, осуществляемая в соответствии с важным законом о государственном регулировании, а также говорится о важности государственной политики осуществляется в рамках государственных программ по улучшению положения сельских жителей.

А.О. Аскарова

УГОЛОВНО-ПРАВОВАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ ТРЕБОВАНИЙ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ХИМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Вопросы юридической ответственности за нарушение требований обеспечения химической безопасности более или менее раскрыты в Экологическом кодексе РК, который представляет существенную роль при установлении пределов ответственности и признаков составов конкретных экологических преступлений. В нем определена система природоохранительных органов, принципы проведения государственного экологического контроля, установлена экономическая оценка ущерба, нанесенного окружающей среде, экологические требования при производстве и использовании